

Талапай

1985 жылдың алғашқы айларында қазақ жазушыларына бұрын-сонды болмаған зорлық жасалды. Одақтың бес жүз мүшесі түгел қамтылмағанымен, кемі бірер жүз қаламгер тұрмыстық, түптеп келгенде рухани қысымға айналған қиянат көріп еді. Алайда, арада екі-үш жыл өтпей, бәрі де ұмытылған. Мен соңында, қызық үшін біраз кісіден сұрап едім. Ең алдымен, айрықша жапа шеккен ағайындар естен шығарыпты. Кейбірімен, тіпті, әжептәуір дәрежесі бар үлкендерімен әңгімелескенде, естеріне әрең түсіргендей, бей-жай тұрып, иә, сондай бірдеңе, өтті, кетті десті. Ешқандай реніш те, өкпе де жоқ. Орнымен болған, әдепкі бір іс есепті. Ешқайсы кейіс білдірмеді. Қайран қалып едім. Исалмас көнбістік емес, құлдық сана. Ойлап тұрсам, ұмыта алмаған жалғыз мен екем. Дәп осы жолы ешқандай жапа шекпеген, қалауын алған кісі. Енді, арада аз-кем демейік, тура отыз бес жыл өткенде осы бір ерекше жағдаятты қағаз бетіне түсіру керегіне ден қойдым. Жазатын басқа ештеңе табылмағаннан емес. Қажетті қаншама тақырып анталап тұр. Ал мынау – өкімет-зорлықпен қатар, кез келген көлденең, көпе-көрнеу қорлық, төбеден ұрған таяқтың бәрін құп алатын, жасқаншақ, кемшін сананың көрінісі. Рас, болған іске шара жоқ, бірақ көңілде зәредей дық қалмай, осының бәрі заңды, табиғи құбылыс саналып, көп ұзамай мүлде ұмытылуы – шетін жағдай еді.

Сонымен, аталмыш оқиғаның жалпы сұлбасы.

Олжас Сүлейменовтің тұсы. Жазушылар одағы жиырма сегіз пәтерлік үлкен үй салғызып жатты. Баспана мәселесі барлық жұртта, барлық жағдайда аса мәнді кілттипан екенін айтып жату артық. Бұрын да, қазір де. Оның ішінде біз ғұмыр кешкен, жалдамалы жөндем пәтердің өзі қат, совет дәуірінде. Алайда, қаламгер қауымның Сталин заманында қалыптасқан ерекше артықшылығы бар еді. Айдаудан, атудан қалғандарға жақсы жағдай жасалды. Мол қаламақы, көп тиражды басылымдар, арнайы шығармашылық жайлары. Сонымен қатар, тұрғын үй, яғни, тиесілі пәтер мәселесі. Басқа жұрт сияқты он жылдап кезекте зарықпайсың. Тіпті, төрт-бес жыл, одан да ұзағырақ созылып кеткен жағдайдың өзінде үмітсіз емес, ақыр түбі баспаналы боларың анық. Біздің қатарымызда, Одақ төңірегіне келе сала, алғашқы, әлде келесі жылы пәтерге қолы жеткен жігіттер болды. Мәселен, арындары қатты Әбіш пен Асқар дегендей. Менің өзім жинақтап келгенде үш жылға толмай үйлі болдым. Мұншама молшылықтың бір себебі – атаулы Одақпен қатар, жазушылар қауымына тиесілі Әдеби қор деген бар. Литфонд. Орталық, үлкен мекеме – Мәскеуде, ал республикаларда тиесілі, әйткенмен өзінше дербес тармақтары жұмыс жасады. Аса бай ұйым. Бай болатыны – көзі тірі жазарман атаулының баспадан шыққан кітабына тиесілі қаламақының он бір пайызына қарайлас мол ақша Литфонд қорына түседі. Сіздің үлесіңізден тыс, бірақ белгілі

мөлшерде сізге де қарасты. Одақтық көлемде қыруар қаржы, жүз мың, тіпті, миллиондап саналса керек. Бұл ақшаға Мәскеу түбінде, Қырым мен Қара теңіз, Балтық бойында, уақыт оза келе жекелеген республикалар шегінде, жыл он екі ай бойы ашық, әлденеше шығармашылық үй салынған. Қажетті жағдайда тегін, немесе жеңілдетілген жолдама, атаулы қаржылай көмек өз алдына. Сонымен қатар, барлық жерде жазушыларға арналған көп пәтерлі үйлер. Мен Одақ төңірегіне келген кезде Алматыда мұндай екі үй бар екен. Тек осы арнайы пәтерлер ғана емес. Қаламгерлер есебіне мемлекет тарабынан жылына пәленбай жүз шаршы метр, жекелей алғанда тағы әлденеше үй бөлініп беруге тиіс. Осыған қоса, жаңа пәтер алған жазушының бұрнағы үйі де келесі кезектегі қаламгерге бұйырмақ. Арнайы қаулы бар. Тағы бір кереметі – кез келген отбасына тиесілі, әр адамға тоғыз шаршы метрден есептелетін жалпы кеңістік үстіне, жазушының жұмыс жағдайы үшін тағы жиырма шаршы метр үстеме. Қазіргі күнімізбен қарағанда, ертегілік оқиға. Есіркегеннен емес. Сөз құдіретін бағалаған, идеологияға айрықша мән берген империялық саясат. Және, анығын айту керек, әдебиеттің, мәдениеттің өсіп-өркендеуі үшін. Бүгінгі шалағай, шолақ белсенділер совет (совет емес, «кеңес») өкіметі өстіп, қаламгер қауымды сатып алды, деседі. Қазіргі егемен өкіметтің де дәп осылай «сатып алып» жатқанын көрмедік. Біздің әріптестер аузы майланбай-ақ малай кебінде, және егемен билігіңіз өткенмен салыстырғанда, кенеусіз мадаққа кеңірдегінен батқан. Иә, ол заманда да ресми идеологияның ұраншылары болды. Бірақ мына бүгінгідей жадағай жағыну, жалпош құлдық жоқ. Қалам ұстаған қауымның әлдебір тайғақ бөлшегі ғана. Көпшілік жұрт өнерге, ұлт мәдениетіне риясыз еңбек етті, тіршілік ахуалы тәуір болғаннан соң, сапалы жұмыс жасады, дәп осы кезеңде қазақта әлемдік деңгейдегі «Абай жолы» дүниеге келді, «Өмір мектебінің» Бірінші кітабы жазылды, бұдан соңғы жылдарда менің тұтастарым қазақ прозасы мен поэзиясын одан әрмен дамытып, қаншама классикалық туындылар қалыптанды. Осының бәрі – қазақы рухтың көрінісі ғана емес, қалам ұстаған қауымның тұрмыстық жақсы жағдайының нәтижесі болатын.

Хош. Қотанымызға қайтып оралайық. Өкімет-зорлық дедік. Шын мәнісінде, өкімет емес, жекелеген бір жебірлер. Бүгінгімен салыстырғанда, жебір де емес, отырған орнын пайдаланып, өзінің азғантай пайдасы, көтермелі кеудесі үшін жойдасыз қиянатқа жол ашқан, мансапты, санасыз бір кісілер.

Сонымен, Қазақстан жазушыларының тек өздері ғана тұратын көппәтерлі екі үй болды дедік. Тым ұзамай, үшінші, төртінші үйлер салынып, бесінші үйдің межесі белгіленді. Мына қисынсыз дау – ақыр түбінде ең соңғы болып қалған осы бесінші үйден шығып еді. Қаланың қақ ортасы, ол кезде ауасы кең, төңірегі тыныш шаршы – Құрманғазы көшесінің Сейфуллин көшесімен қиылысар тұсына тақаған, төрт қабат, үш далаң, жиырма сегіз пәтерлік үлкен ғимарат. Ол кезде аса сирек төрт бөлмелік – алтау болса керек, үш бөлмелі – жиырма шақты, және бір бөлмелік, екі бөлмелік шағын пәтерлер бар. Бәрі де кеңіс, ұтымды құрылым, сол заман үшін өзгеше.

Меншікті ғимаратымыз салынып бітті. Бүгін-ертең Жазушылар одағының иелігіне өтуге тиіс. Арнайы комиссия құрылып, кімдерге қандай үй тиетіні белгіленді. Бұл жаңа үйге көшкен жұрт түгелге жуық бұрнадан пәтерлі, айтқанымыздай, олардың босаған қонысына тағы соншама адам келуі керек, бұл келгендердің біразы тағы баспаналы, яғни көбіне үйі жоқ жастарға тиесілі – жинақтап айтқанда, Жазушылар одағының төңірегінде жүрген жүз қаралы отбасы қоныс тойын тойламақ. Барлығы да келер аптада, асса оншақты күнде көшеміз деп, буынып-түйіне бастайды. Көпшілігі дайын, әп десе көтерілгелі отыр.

Міне, дәл осы кезде күтпеген бомба жарылады. Көзге көрініп, қолмен ұсталмайтын, қағаз жүзіндегі, бірақ бүлдіргіш, ғаламат жарылыс. Жазушылар қауымына толайымен тиесілі деп отырған ғимаратымыздағы қаншама пәтердің жарымынан артық, үштен екісі – бізден тыс екен. Кешелі-бүгін емес, шамамен осыдан екі-үш ай бұрын шешілген мәселе. Ешқандай қисынсыз, бірақ нақты жүзеге асқалы тұрған керемет.

Мал иесі, қашанда дегбірінен айрылмайтын Олжас қолма-қол тексертіп, кеселдің түп тамырын айқындайды. Бұл үйге мол ақшаны, әдеттегіше, орталық Литфонд берген. Әуелгі қырық пайызы құрылыс басталмай тұрғанда төленген екен. Қалған ақшасы – үйлеріміз біржола бітуге тақағанда. Немесе, соңғы бір кезең, қабылдап аларда. Бұл ақша да пәшкі-пәшкісімен Мәскеудегі орталықта тұр, шешім шығарылған, қалаған уақытыңызда аударылуға тиіс. Кілтипан осы арадан басталады. Құрылыс міндетін көтеріп алған Горсовет – Қалалық совет, бүгінгі тілге көшірсек, мэрия, әкімшілік, межелі уақытына алты ай қалғанда тиесілі қағазын түсіреді. Осылай да осылай, біз шартты міндетімізді атқарып бітуге жақынбыз, пәлен айдың пәленіне дейін қажетті, мұншама ақшасын банкке құясыздар, деп. Әдепкі шаруа. Мәскеуге телефон шаласыз, немесе, анығы – рәсімді қатынас, содан он күн өтпей, бәрі орнына келмек. Оп-оңай. Алайда, ақыры насырға шапқан қырсыққа айналыпты.

Біздің Әдеби қор директоры – Екейбай Қашағанов дейтін кісі. Осыдан бірер жыл бұрын келген. Зейнет жасына дейін бірнеше обылыста әрқилы басшы, көбіне Атқару комитетінің төрағасы қызметінде отырған. Соңғы мансабы – Семейден екен. Біздің жазармандар, ойбай, әдебиетке, өнерге қамқор, ерекше жан деп дабылдатып жататын. Ауызекі ғана емес, баспасөз бетінде де. Біздің жұрттың жаман бір ғадеті – әкім атаулыны мадақтауға құмар. Түймедейін түйедей қылады, жасамағанын жасатып жібереді. Осылайша көтермелей берсек, шынымен-ақ қамқор, сүйемелші болып кетер деп ойлайды. Күні бүгінге жалғасқан кесірлі тәсіл. Елбасынан бастап, кейінгі қаншама әкім, министрді осылай бұздық – жасамаған, ойға алмаған, тіпті, қарсы бағыттағы барлық ісін игілікке санап, қисынсыз мадақтай берген соң, оң ниетінің өзін қайтып алады (мәселен, қазақ көшіне әу бастан қарсы болып, мейлінше тежеген, ақыры біржола тоқтатып тынған Назарбаевты басқасымен қатар, дәп осы тарапта желеу еткен жарамсақ әрекетіміз). Бәлкім, Қашағанов та әлдебір кездесу, әдеби, мәдени шараларды тәуір өткерген шығар, ерекше қамқорлығы емес, міндетті қызметі. Нәтижесінде, байырғы партократтарды пенсиядан соң да жылы

бір жерге тығатын әдетпен, әдебиетке тілектес еді, Жазушылар одағына жанассын деп, Литфондыға ұсынған екен. Әрине, қабыл алынады. Бұрнада жиырма-отыз жыл бойы өктем билікте отырған Қашағанов, енді Одақ құрамындағы жаңа қызметінде төтенше мінез көрсете бастайды. Анығы – үйреншікті әдеті. Жазарман жұрттың бәрі өзіне тікелей бағынышты, сұрамшақ, кіріптар қауым сияқты. Олжаспен де жүрдім-бардым, астам сөйлеседі. Бұрнағы партократ көсем үшін Жазушылар одағының төрағасы деген кім. Сөйтіп, екі арада ренішті әңгіме болады. Олжас оп-оңай орнына қойып берсе керек. Қарт коммунист үшін үлкен реніш. Бұрын көрмеген сұмдық. Бірақ амал жоқ, ішіне түйіп қана қойса керек.

Содан... Жазушылардың жаңа үйіне қарыздар ақшаны тезірек өткізу туралы қатынас қағаз келгенде... ешкімге айтпай, көрсетпей, темір сейфіне салып, берік бекітіпті. Ешқандай жауап жоқ. Ол жақтан борыш ақшамыз қайда деген сұрау және жоқ. Екі-үш ай, тиесілі төлемнің уақыты өткеннен соң... Әдеби қор, яғни жазушылар тарабынан жетіспей қалған қыруар қаражат Горсовет атынан жабылады. Яғни, салынып жатқан үйдің басым бөлігі – қалабасы Нұрқадилловтің толық ғұзырына көшті деген сөз.

Көпе-көрнеу жағдаят. Мәселе Олжаспен қайшыласып қалған партократтың финанс қағазын тығып қойған ақымақшылығында емес. Керісінше, ақылдың асуы. Күні бұрын ойластырған арамдық. Қашағанов, сөз жоқ, Нұрқадилловпен алдын-ала келісіп қойған. Егер әрекет біржақты, Литфонд тарабынан ғана болса, Горсовет қайыра сұрау салмас па. Ешқандай күмәнсіз. Екі жақты келісім. Ал сөйтемін, маған не істейсің? Қолыңнан келсе қырып ал!..

Олжас әуелде Нұрқадилловпен сөйлеседі. Кішірейіп, алдына барып емес, өкіметтік телефонмен. Қысқа, әрі қатаң жауап. Сізге қатынас қағаз жібергеніз. Жауапсыз қалды. Ақшасын уақытында төлей алмадыңдар. Құрылыс тоқтап тұрмайды. Сондықтан, сендердің борыштарыңды жабуға мәжбүр болдық. Енді өзіміз салған жаңа үйдің үштен екі бөлігі бізге тиесілі!.. Күтпеген хабарға таң қалған және мейлінше ширыққан Олжекең енді Қашағановты алдына шақыртады. Борыш ақша туралы. Қатынас қағаз келгені рас па? Жоқ деп айта алмаған. Онда осы қазір менің қолыма жетсін. Барлық жағдайдан жақсы хабардар Қашағанов, тәрізі, бетін біржола анықтау үшін ала келіпті. Осыдан алты ай бұрын... Неге бізге жетпеген, неге төленбеген?.. Нақты қандай жауап болғаны белгісіз. Олжас астамсыған партократ шалды сақалсыз тұқыл иегіне қарамастан сілкілеп алады, бірақ сабап тастасаң да ешқандай пайдасы жоқ. Сүйектен өткізе жерлеп, сол күні Одақ төңірегінен қуыпты.

Енді өзін кенже ұлындай еркелетіп ұстайтын Дінмұхамед Қонаевтың қабылына барады. Солай да солай. Біздің жазушылар салғызған, тізбектей келгенде кемі жетпіс отбасын қамтитын, үлкеніміз бен кішіміз жаппай күтіп отырған үй қолды болып бара жатыр... Димекең сабырмен, сол сәтінде іс мәнісін анықтайды да, енді ешқандай шара жоқ, депті. Көлденең ақша құйылған, барлық қағазы бекіп кеткен, есесіне жаңа бір үй саларсыңдар, оған дейін мемлекет тарабынан жекелеген пәтерлер бөлінеді, өтіп кеткен істі кері қайыру мүмкін емес, депті.

Амал не, барға қанағат ету керек. Пәтер мәселесі қайта қаралып, жаңаша бөлінеді. Жаңаша болғанда, бұрнағы тізім, тек үштен екісі қысқарған. Төрт бөлмелі, абажадай алты пәтердің екеуі ғана қалады. Үш бөлмелі кеңіс үйлердің үштен бірі ғана. Бір бөлме, екі бөлмені есептеп жатқан ешкім жоқ, жартысынан артығы бізге тиген. Сонымен, қаншама жазарман қан-қақсап, үмітін үзіп, қалған азғана ақжолтай тиесілі құжаттарын толтырып, Горсоветке өткізіпті. Бес күннен соң төтенше шешім айтылды дейді. Мына ұсынған кісілеріңіз – бәрі де жайлы, кең пәтерде тұрады екен, ешқайсының жаңадан үй алуына қисын жоқ... Неге десеңіз... Бұрын кісі басы тоғыз шаршы метр еді ғой, енді, кейінде шыққан қаулы бойынша... алты мен тоғыздың аралығы, яғни тірі жан басына [өлген орыстың бір табыты әрең сиятын] алты шаршы жетіп жатыр. Сонда... бұрын тұрған пәтерлерінің өзі артыққа шықпақ, ал жаңаның ешқандай жөні жоқ... Бас айналған азғана дағдарыстан соң біздің кәсіподақ өкілдері алты балалы жазушыны алға шығармақ болыпты. Яғни біз – Мұхтар Мағауин. Алты баласы бар, өзімен, әйелімен сегіз жан. Заң бойынша, жазушы атаулыға тиесілі жиырма шаршы метр тағы бар. Горсоветте отырған ғұзырлы өкіл шот қақпай-ақ, ауызша шығарып береді: жиырма шаршы, оған алты шаршыдан жеті кісі – жиыны алпыс екі квадрат метр. Жеті емес, сегіз кісі, отағасын есепке қоспадыңыз, жаңағы жиырма шаршы – жалпы есептің сыртында, баяғыда Сталин қол қойған, әлі күнге күшін жоймаған қаулыда солай... дейді біздің кәсіподақ. “Жарайды, қисынсыз болса да қосайық, – дейді, Нұрқадилловтің кісісі кеңшілік жасап. – Қырық сегіз және жиырма – алпыс сегіз квадрат. Бұл многодетный писәтеліңіздің қазіргі тұрған үйі – жетпіс екі квадрат. Немене, астынан су шықты ма?..” Шындығында, жаңа рәсім бойынша, әуелгі тоғыз шаршы мүлде жойылмаған, енді қалай есептеу – қазаншының еркіне қарап тұр. Ең басты аргументінің өзі талқан болған біздің кісілер салбырап кейін қайтыпты. Олжас бұл жолы қарқылдап күлді дейді. Содан соң... нендей шара қолданды, кімге, не айтты – белгісіз, арада жүрек күпті тағы бір жеті өткенде қала басшысы, бүгінгіше айтқанда әкім, Еуропаша мэр – құдіретті Нұрқадиллов қалған жұрттың бәрінің документі қабылдансын дейтін жарлық береді. Кім екенімізді таныды, тәубасына түсірдік деп, соншама кеңшілік жасаған.

Сыртта қалған, пәтерін жаңарта алмаған, бірталайы мүлде баспанасыз алпыс-жетпіс қаламгер қандай күйде болғаны айтпаса да түсінікті. Үлкенді-кішілі әйел заты көз жастарына ерік беріпті, отағасылары дүниеден түңіліп, кейбірі мүлде жүнжіп кетті дейді, жүйкесі жұқа біреулер инфаркт алған, немесе соған жақындап қайтқан, әйтеуір кісі өлімі жоқ, уақыт оза келе әрқайсы әртүрлі жағдайда ескілі, жаңалы басқа үйлерге кірді, сол сәтінде, тіпті, одан көп бұрын қисынсыз қысас көмескі тартады, ақыры, жаңа айтқанымыздай, табиғи, заңды жағдаят ретінде мүлде ұмытылады.

Әрине, аяқ астынан шығынға ұшыраған Олжас үшін кейіген, алып тұрған үйлерінен айрылған ағайындарға жан ашыған кірбең соңында біз де көңіл делбедік. Жойдасыз қатерден аман өткен, ең бастысы – кеңге шыққан

мәре-сәре балалар үшін сүйінген жайдары жүз, қуанышты көңілмен, бұдан соң аз-кем емес, толық жиырма жыл тұрған, қаншама жаңа шығармалар жазылып, үпір-шүпір балаларымыз аяқтанған құтты мекен – Құрманғазы атамның еңселі көшесіндегі 90-нөмірлі үй, екінші қабат, төртінші пәтерге келіп кірдік. 1985 жыл, 8 март екен.

Бізбен қатар тағы қаншама жұрт көшіп жатыр. Көбісі бейтаныс. Ертеңіне, әлде келесі аптада білдік, арғы далаң, бізден тартып алынған төрт бөлмелі төрт пәтердің ортаңғысына қала бастығы Нұрқадиллов Заманбек те келіп кірген екен. Яғни, оның да еңбегі өтелді деген сөз. Әуел бастан-ақ Жазушылар одағының Литфонд бастығы Қашағановпен арадағы ұтымды келісім нәтижесі. Бірақ бұл пәтер алпауыт әкімге онша құтты болмады. Ақыры, өзімен өзі алысып жүріп, рас, басқа бір жай – қымбат коттеджде қайғылы қазаға ұшырағаны белгілі. Жеке басының ерлік хикаясы көп. Біріккен үлкен обылыстың орталығын Талдықорғанға көшірмей, Алматыда қалдырған қырсығы, қарауындағы халқынан әлдебір күмәнді қор үшін таза алтын – сырға, сақина жинатқаны, Төтенше жағдай министрі бола тұрып, апат аймақтарына аттап баспай, үйде жататыны, төмендегі жұртпен дөкір қатынасы – қайсы бір хикметін санап тауысарсыз. Соның бәріне, әсіресе, кейінде қисапсыз шығынға түскен Талдықорған мәселесіне де көне берген Назарбаевтың мемлекеттік санасы қаншалық дәрежеде? Ақыры, астана Ақмолаға ауысқанда, өзі басқарып отырған министрлікті жылы орнынан қозғамаймын, Алматыда қала берем деген талап қояды. Әйтпесе, отставкаға кетпек доңайбат. Дәп осы арада, президент досының да төзімі сарқылыпты. Кетсең – кет! – деген. “Ал онда, мә!..” Қолма-қол ғарыз жазып береді. Ғұзырлы досы сарт еткізіп бұрыштама соғыпты. Кетті. Көп ғажайыптың соңғы түйіні. Ел-жұрт естімеген тағы қаншама кереметі бар екен? Ал Жазушылардың меншікті үйін талапайға салғаны – біз астарын нақты таныған ең жеңіл хикаясы дер едім. Біздің жұрттың ұғымында, қандай себеп, жағдаймен болса да, Назарбаевпен келіспеген пенденің бәрі әулиеге парапар. Осындай темір логика бойынша, Заманбек Нұрқадиллов қайрауы кетілген алмас қылыш болды да шықты.

Нұрқадилловтің авантюрасы негізінде үйсіз қалған ағайындар, жасы бар, жасамысы бар, көп ұзамай-ақ зорлық пен зәбірді ұмытып кетті дедім. Сондай-ақ, бұл Нұрқадилловтің тіршілігінде қандай адам болғанын да. Ғұзырлы министр, қолы ұзын әкім кезінде ойына келгенін істеп, жалпы жұртты ғана емес, өзін жарылқап отырған Назарбаевты ғана емес, борышты мемлекеттік қызметін де ойыншық қылғаны, ақыры, мүлде күтпеген, өзі тілеп алған отставкадан соң саяси қайраткер танылып, Қазақстанда орыстектілер қысымға ұшырап, қудаланып жатыр деп, алпауыт көршіні ашық интервенцияға шақырған арандатқыш мәлімдемелері... қайсы бірін айтып тауысарсың. Түптің түбі біздің ақкөңіл, аңқау, парықсыз жұртымыз үшін әділет жолындағы күрескер, аңыз қаһарманға айналған. Күні бүгінгеше жоқтап біте алмай жатырмыз. Бірақ бұл – біз қалам тартпайтын басқа бір әңгіменің тақырыбы.

(Осы арада дәйектей кету қажет сияқты. Біздің ешқашан Нұрқадилловпен жанасымыз, көріс, қатынасымыз болмады. Бақыты

аспанда, билігі шарықтап тұрған Алып тұлға, біздің бар-жоғымызды да білмесе керек, білсе – ергежейлі, елеусіз біреу. Тек Алпыс жылдығымыз Қазақстан шегінде кеңінен аталып жатқан кезде ғана аппаратындағы әлдекімдер есіне салған тәрізді. Драма театрында өткен, министр Алтынбек Сәрсенбаев арнап келген, республика президенті құттықтау жолдаған салтанатты кешке өзі қатыспай, орынбасар, әлде бөлім бастығы шенеунігін жіберіпті. Шапан, бірер ауыз тілек. Қалыпты рәсім жөні. Алайда, бар ықыластың соңы емес екен. Жиын мен тойдан соң, арада екі-үш күн өткенде әлде көмекші, әлде секретарь қызы телефон шалады: Заманбек Қалабаевич сізді ертең сағат пәленде әкімшілікте қабылдауға шақырады, деп. Нақпа-нақ осылай. Кінәлі жауапқа талап еткендей. «Менің уақытым жоқ, бара алмаймын,» – дедім. «Мұндай болмайды! – деді шошып кеткен қызымыз, әлде келіншек қатқыл үнмен. – Өзі айтты, күтіп отыр. Мұндай болмайды!..» «Неге болмайды, – дедім жайымен. – Егер шақырғанға барғым келмесе. Мен қабылына сұранғам жоқ. Солай деп айтарсыз...» Осымен бар әңгіме бітті. Істің мән-жағдайы түсінікті еді. Кеше арнайы келіп, топ алдында құттықтауды өз бойына шақ көрмеді. Енді кеңсесіне алғызып, кекірейіп отырып, жаттанды екі ауыз сөз айтып, бес-он тиын бірдеңесін қыстырып, мені өмір бойғы борыштар қылып қоймақ. «Омай!» – деген мұндайда бұрынғы қазақ. Омай, шіркін, тапқан екен арзан олжасын!..)

Біз еске алып отырған, ел тағдыры емес, жеке бір кісілердің тіршілік кебіне қатысты, бірақ адамгершілікке шет, жойдасыз зорлық жөнінде және осыған орай, бейқам жұртымыздың кері кеткен мінезі мен тауансыз, исалмас ғадеті туралы хикая – бүгінгі жаппай талапай көріністерімен салыстырғанда, тым елеусіз, мәнсіз әңгіме ретінде танылса керек. Бірақ көңілде кірне қалмасын деп, сыртқа шығардық.

12.X.2019,
Күміс Бұлақ, Мэриленд, АҚШ.

(Мұхтар Мағауин, Толық жинақ,
XXV том, 2020, Силвер Спринг, АҚШ.)